

ТАМАҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ МАҢЫЗДЫ

Сонғы он жылдықта демографиялық және әлеуметтік өзгерістер болып, аурулар мен жасы жеткен қарттар көбейіп, олардың еңбек ету қабілеті мен тұрмыс жағдайлары өзгерді. Дүние жүзінде және Қазақстанда да экологиялық жағдай нашарлап, қоршаган орта тамақ қалдықтары мен өнеркәсіп қалдықтарымен ластануда. Көптеген елдерде халықтың дұрыс тамақтанбауымен бірге, тағамның сапасы мен қауіпсіздігі де халықтың денсаулығына кері әсерін тигізуде.

Ұлттың денсаулығын анықтайтын негізгі факторлардың бірі – тамактану жағдайы болып табылады. Соңғы жылдары аурудың және өлімнің себептері көбінесе жүрек аурулары мен онкологиялық аурулар болып тұр. Бұлар тамақпен тығыз байланысты. Жаңа туған аналардың балаларын өздері емізу жылдан жылға кемүде, балалар мен жасөспірімдердің денсаулық көрсеткіші мен антрометрикалық мінездемесі нашарлауда. Жасы келген адамдардың денсаулығы нашарлауда. Денсаулықтың нашарлауының негізгі себептерінің бірі – тамақтың сапасының нашар болуында. Дұрыс тамақтанудың бірінші кезегінде дәрүмендерді, макро және микронутриенттерді, яғни, кальций, йод, темір, фтор, селен т.б., толық акуыздарды тұтыну және күнделікті рационды белсенді биологиялық қоспалар арқылы немесе құнарлы, әрі тағамдық құндылығы жоғары тамактармен байыту болып саналады.

Адам ағзасына тағаммен бірге 70% бетен заттар, яғни ксенобиотиктер түседі. Олардың тұсу жолдары көбінесе, қоршаган ортадан, қоршаган ортасын техногенді ластануынан, техникалық құрал жабдықтардан, ыдыстар мен қантамалардан, технология-

лық процесстердің бұзылуынан, мал шаруашылығында рұқсат етілмеген жемшөп қоспаларының пайдалану кезінде, термиялық өндірек кезінде қайталама өнімдердің пайда болуы есебінен болады.

Азық-түлік өніміне белгілі бір қасиеттерді беру үшін оған «тағамдық қоспалар» деп аталағын қосымша заттар енгізіледі. Тағамдық қоспалар-азық-түлікті бүлінуден қорғау немесе тамақ өнімдерінің сақтау мерзімін ұзарту, тағамның дәмі мен сыртқы түрін жақсарту, сондай-ақ өнімді дайындаудың технологиялық процесін жеделдешту үшін азық-түлікке аз мөлшерде енгізілетін заттар. Тағамдық қоспалардың сәйкестігі, оларды тазарту дәрежесіне қойылатын жалпы талаптар, сондай-ақ осы компоненттердің зиянсыздығына тексеруден өткендігі туралы күәлік Е әрпінен (Europe) және үш таңбалы саннан тұратын арнайы Е-нөмірін беру арқылы қорғалады.

Азық-түлік қауіпсіздігі проблемасы – бұл кешенді күрделі, оны шешу үшін галымдар – биохимиктер, микробиологтар, токсикологтар және т.б., сонымен қатар өндірушілер, санитарлық-эпидемиялогиялық қызметтер, мемлекеттік органдар және сайып келгенде тұтынушылар тараپынан көпте-

ген күш жігір қажет. Азық-түлік қауіпсіздігі проблемасының өзектілігі жыл сағын артып келеді, өйткені ол адам денсаулығын сақтаудың негізгі факторларының бірі болып табылатын тамақ шикізаты мен тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Тамақ өнімдерінің сапасы, тағамдық құндылығы, талап етілетін сапалық талаптарға сай болуы үшін қадрлардың білім сапасы жоғары болуы шарт екенін бәріміз. білеміз. Сондай - білімді, болашақ маңандарды дайындаудың жоғары оқу орындарының бірі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы және қауіпсіздігі» кафедрасының «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» мамандығы бойынша білім береді. Осы атаптан мамандық бойынша житын білім алушылар, теориялық білім мен бірге практикалық білімдерін үштастыру мақсатында Қазақстандағы барлық тамақ өнімдері салалары бойынша өндірістерде өндірістік практикалардан өтеді. Сол өндірістердің бірқатарын атап өтсек, Шымкент қаласындағы «Бөрте Милқа» ЖШС, «Каравай» ЖШС, «Мадлен KZ» ЖШС, «Фудмастер KZ» ЖШС, «Шымкент май» ЖШС және т.б. заманауи құрал жабдықтармен жабдықталған атальмыш өндіріс орындарын айтсақ болады. Білім алушыларға сапалы білім беру үшін, үш тілде білім беру жолға қойылған, сонымен қатар, шетел жоғары оқу орындарында академиялық үтқырлық бағдарламасымен іс-тәжірибе алмасып, білімін үштап келген, білім беретін үздік профессор-оқытушылар құрамымен жасақталған көпжылдық тарихы бар кафедраның орны бөлек.

**А. ТАСПОЛТАЕВА,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ «Азық-түлік өнімдерінің
технологиясы және қауіпсіздігі»
кафедрасының доценті,
техникалық ғылымдарының
кандидаты**